

БЕКІТЕМІН:
Қ.И. Сәтбаев атындағы
ҚазҰЗТУ ректоры
_____ **Ж. Әділов**
« _____ » _____ **2015 ж.**

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық зерттеу техникалық университетінің
2015-2016 оқу жылына бакалавриатқа
ҚАБЫЛДАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Алматы 2015

1 Жалпы ережелер

1. Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық зерттеу техникалық университетінде (бұдан әрі – ҚазҰЗТУ немесе университет) білім алу үшін осы оқуға қабылдау ережелері:

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында оқуға қабылдаудың үлгі қағидаларын бекіту туралы» 19 қаңтар 2012 жылғы №111 Қаулысына өзгерістер енгізу туралы 19 сәуір 2012 жылғы №487 Қаулысына сәйкес;

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Жоғары білім алуға ақы төлеу үшін білім беру грантын беру ережесін бекіту туралы» 2008 жылғы 23 қаңтардағы № 58 Қаулысына (2012 жылы 30 наурыздағы № 390 қаулысымен өзгерістер енгізілген) сәйкес әзірленген.

1.2 Ереже бакалавриат мамандықтары бойынша университетке азаматтарды оқуға қабылдау тәртібін анықтайды.

1.3 ҚазҰЗТУ-ға жалпы орта, техникалық және кәсіптік (бастауыш және орта кәсіптік, орта білімнен кейінгі) және жоғары (жоғары кәсіптік) білімі бар тұлғалар қабылданады.

1.4 ҚазҰЗТУ-да оқу үшін тұлғаларды қабылдау мемлекеттік білім беру тапсырысын (білім беру грантын) орналастыру, сондай-ақ азаматтардың өз қаражаты мен басқа да көздер есебінен оқуға ақы төлеу арқылы жүзеге асырылады.

1.5 Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ тұлғаларға және Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ тұлғаларға егер олар осы деңгейде бірінші рет білім алатын болса, мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес конкурстық негізде тегін жоғары білім алуға құқық беріледі.

Шетелдіктердің мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес конкурстық негізде тегін жоғары білім алу құқығы Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарымен айқындалады.

1.6 ҚазҰЗТУ-ға түсуші тұлғаларды қабылдау ұлттық бірыңғай тестілеудің (бұдан әрі - ҰБТ) немесе кешенді тестілеудің нәтижелері бойынша берілген сертификаттағы балдарға сәйкес конкурстық негізде олардың өтініштері бойынша жүзеге асырылады.

1.7 Кешенді тестілеу өткен жылдардағы жалпы орта білім беру ұйымдарының бітірушілері, техникалық және кәсіптік (бастауыш және орта кәсіптік, орта білімнен кейінгі) білім беру ұйымдарының бітірушілері, ҰБТ-ға қатыспаған, халықаралық оқушылармен алмасу желісі бойынша шетелде оқыған жалпы білім беретін мектеп бітірушілері, республикалық музыка мектеп-интернаттарының бітірушілері, сондай-ақ оқу орнын шетелде бітірген тұлғалар үшін өткізіледі.

1.8 ҚазҰЗТУ-ға түсуші техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар (колледж) тұлғаларды жоғары оқу орындарына ақылы негізде қысқартылған мерзім бойынша ұқсас мамандықтарға оқуға қабылдау кешенді тестілеу нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.

Ұқсас мамандықтар тізбесін білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

Жоғары білімі бар тұлғаларды жоғары оқу орындарына ақылы негізде қысқартылған мерзімге оқуға қабылдауды жоғары оқу орындарының қабылдау комиссиялары жүзеге асырады.

1.9 Шетел азаматтарын ақылы негізде ҚазҰЗТУ-ға қабылдау қабылдау комиссиялары өткізетін әңгімелесу түрінде жүзеге асырылады.

1.10 Шығармашылық мамандықтарға (5B042000 – Сәулет және 5B042100 – Дизайн) қабылдау «Шығармашылық емтихандар туралы» қағидаға сәйкес ҚазҰЗТУ-дың қабылдау комиссиясы өткізетін шығармашылық емтихандар (сурет және сызу) нәтижесі есебінен жүзеге асырылады.

Шығармашылық мамандықтарға өтініштерді қабылдауды 20 маусым мен 1 шілде аралығында университеттің қабылдау комиссиясы жүргізеді.

Шығармашылық мамандықтарға түсетіндер бір ғана шығармашылық мамандықты көрсетеді.

1.11 Шығармашылық мамандықтарға түсетіндер университеттің пәндік комиссиясы өткізетін сурет пен сызудан шығармашылық емтихан тапсырады.

Шығармашылық емтихан 2-7 шілде аралығында өткізіледі.

Шығармашылық емтихан бойынша ең жоғарғы балл саны - 25.

Шығармашылық емтихан бойынша 10 балдан төмен алған немесе емтиханға келмеген тұлғалар осы мамандыққа түсу үшін кешенді тестілеуге жіберілмейді.

Шығармашылық емтиханды қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

Шығармашылық мамандықтарға түсетін тұлғалар үшін тестілеудің мынадай екі пәні бойынша балдар ескеріледі: мемлекеттік немесе орыс тілі, Қазақстан тарихы.

Университет білім беру саласындағы уәкілетті органға он күндік мерзімде шығармашылық емтиханды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қорытынды есепті, сондай-ақ шығармашылық емтихан тапсыру туралы бұйрықтардың көшірмесін ұсынады.

2. Кешенді тестілеу өткізу

2.1 Кешенді тестілеу тізбесі білім беру саласындағы уәкілетті органның бұйрығымен бекітілетін ҚазҰЗТУ-дың тестілеу өткізу пункті базасында өткізіледі.

2.2 Жергілікті жерде ұйымдастыру және ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу және тәртіпті сақтау үшін білім беру саласындағы уәкілетті органның шешімі бойынша ҚазҰЗТУ-ға түсетін тұлғаларға кешенді тестілеуді ұйымдастыру мен өткізу жөніндегі мемлекеттік комиссия (бұдан әрі - мемлекеттік комиссия) құрылады.

2.3 Кешенді тестілеуді өткізу технологиясының сақталуын бақылауды жүзеге асыру үшін базалық жоғары оқу орындарына білім беру саласындағы уәкілетті органның өкілдері жіберіледі.

2.4. Кешенді тестілеуге қатысу үшін түсуші ҚазҰЗТУ-дың қабылдау комиссиясына белгіленген үлгідегі бланкіде өтініш, аттестат немесе жалпы орта, техникалық және кәсіптік (бастауыш немесе орта кәсіптік, орта білімнен кейінгі) оқу орнын бітіргені туралы диплом (түпнұсқа), тестілеуді өткізу үшін ақы төлегені туралы түбіртек, 3x4 көлеміндегі екі фотосурет, 086-У нысанындағы медициналық анықтама, сондай-ақ жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін тапсырады.

2.5 Кешенді тестілеуге қатысу үшін өтініштерді қабылдауды 20 маусым мен 9 шілде аралығында ҚазҰЗТУ-дың қабылдау комиссиясы жүргізеді.

2.6 Кешенді тестілеу 17-23 шілде аралығында өткізіледі.

2.7 Кешенді тестілеу түсушілердің қалауы бойынша қазақ немесе орыс тілдерінде орта білім берудің оқу бағдарламалары көлемінде төрт пән: мемлекеттік немесе орыс тілі (оқу тілі), Қазақстан тарихы, математика және таңдау пәні бойынша өткізіледі.

Таңдау пәндері және ҰБТ мен кешенді тестілеудің бейінді пәндері көрсетілген мамандықтар тізбесін білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

2.8 Кешенді тестілеуге 2 сағат 30 минут бөлінеді. Тестілеуді қайта тапсыруға жол берілмейді.

2.9 Кешенді тестілеу өткізу кезінде бір орыннан екінші орынға ауысып отыруға, емтихан материалдарын алмастыруға, көшіріп жазуға, оқулықтар мен басқа да әдістемелік әдебиеттерді, байланыс құралдарын (пейджер, ұялы телефон) аудиторияға кіргізуге жол берілмейді.

2.10 Түсуші осы Ережелердің 2.9-тармағын бұзған жағдайда білім беру саласындағы уәкілетті органның өкілі тыйым салынған затты тәркілеу және үміткерді шығару актісін жасайды және тестілеу нәтижелерін жою туралы шешім қабылдайды.

2.11 Кешенді тестілеуге берілген уақыт аяқталғаннан кейін түсуші емтихан материалдарын тапсырудан бас тартқан жағдайда білім беру саласындағы уәкілетті органның өкілі акт жасайды. Бұл ретте аталған тұлғаның емтихан материалдарының нәтижелері өңделмейді.

2.12 Әрбір пән бойынша тест тапсырмаларының саны – 25. Әрбір тест тапсырмасының дұрыс жауабы бір балмен бағаланады.

2.13 Кешенді тестілеу нәтижелерін мемлекеттік комиссия тестілеу өткізілген күні жариялайды.

2.14 Дұрыс жауаптар коды тестілеу нәтижелерін өңдеу аяқталғаннан кейін ілінеді.

2.15 Кешенді тестілеу нәтижелері бойынша әрбір тестілеуге қатысушыға белгіленген үлгідегі сертификат толтырылады, оны мемлекеттік комиссия тестілеу өткеннен кейінгі күнтізбелік үш күн ішінде береді.

2.16 Тест тапсырмаларын бағалау кезінде бірыңғай талаптарды сақтауды және даулы мәселелерді шешуді қамтамасыз ету, кешенді тестілеуге қатысушылардың құқығын қорғау мақсатында тестілеу өткізу кезеңінде Апелляцияны қарау жөніндегі республикалық комиссия (бұдан әрі – Республикалық апелляциялық комиссия) және университет базасы негізінде

апелляциялық комиссия құрылады.

Апелляциялық комиссия кешенді тестілеудің нәтижелерімен және/немесе тест тапсырмаларының мазмұнымен келіспегентұлғалардың өтініштерін қарау үшін құрылады.

Республикалық апелляциялық комиссияның төрағасы мен құрамы білім беру саласындағы уәкілетті органның бұйрығымен бекітіледі.

2.17 ҚазҰЗТУ базасында құрылған апелляциялық комиссия тестілеуге қатысушылардан тест тапсырмаларының мазмұны мен техникалық себептер бойынша түскен өтініштерді қабылдайды және қарайды, Республикалық апелляциялық комиссияға тұлғаға балдар қосу туралы ұсыныс енгізеді және оны апелляцияның қорытындылары туралы хабардар етеді.

2.18 Апелляцияға берілетін өтінішті тестілеуге қатысушының өзі апелляциялық комиссия төрағасының атына береді. Тест тапсырмаларының мазмұны мен техникалық себептер бойынша өтініштер кешенді тестілеу нәтижесі хабарланғаннан кейін келесі күнгі сағат 13.00-ге дейін қабылданады және апелляциялық комиссия бір күн ішінде қарастырады. Өтініш берушінің өзімен бірге оның жеке басын куәландыратын құжаты, тестілеуге жіберу рұқсаттамасы болуы керек.

Апелляциялық комиссия әр тұлғамен жеке тәртіпте жұмыс істейді. Тұлға апелляциялық комиссияның отырысына келмеген жағдайда, оның апелляцияға берген өтініші қаралмайды.

3. Білім беру грантын беру тәртібі

3.1 Білім беру гранттарын беру жөніндегі конкурсты білім саласындағы уәкілетті орган құратын Комиссия өткізеді.

3.2 Білім беру гранттары талапкерлер өтініш білдірген нақты мамандықтар, тіл бөлімдері мен оқу нысандары бойынша мамандықтар кезектілігіне сай білім беру грантын беру туралы куәлікті берумен қоса ұлттық бірыңғай тестілеудің немесе кешенді тестілеудің нәтижелері бойынша сертификаттар балдарына сәйкес конкурстық негізде беріледі. Білім беру грантын алу конкурсында қазақ немесе орыс тілі (оқыту тілі), Қазақстан тарихы, математика және таңдау пәні бойынша балдар ескеріледі.

3.3 Білім беру гранттарын беру конкурсына қатысу үшін азамат жоғары оқу орнының қабылдау комиссиясына белгіленген үлгідегі бланкіде өтініш, білімі туралы құжат (түпнұсқа), ұлттық бірыңғай немесе кешенді тестілеудің сертификатын, 3x4 көлеміндегі екі фотосурет, 086-У нысаны бойынша медициналық анықтаманы, басым құқықты растайтын құжат, егер ондай болған жағдайда, сондай-ақ жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін тапсырады.

Білім беру грантын алуға арналған конкурсқа қатысу үшін азамат өтініште өзі таңдаған мамандық пен жоғары оқу орнын көрсетеді. Таңдау бойынша пәндер сәйкес келген жағдайда азамат төрт мамандықты көрсете алады.

Білім беру грантын беруге арналған конкурсқа қатысу үшін өтініштер 23-31 шілде кезеңінде қабылданады.

3.4 Шет тілінде берілген құжаттардың қазақ немесе орыс тілдеріндегі нотариалды куәландырылған аудармасы болуы тиіс.

3.5 Бірінші және екінші топтағы мүгедек азаматтар, мүгедек балалар, сондай-ақ бала кезден мүгедектер жоғары оқу орнының қабылдау комиссиясына таңдаған мамандығы бойынша оқу үшін теріс көрсеткіштің жоқтығы туралы медициналық-әлеуметтік сараптама (МӘС) қорытындысын ұсынады.

3.6 Конкурса қатысу үшін кемінде 50, ұлттық жоғары оқу орындарына түсу үшін кемінде 70, оның ішінде бейінді пән бойынша кемінде 7 балл (әрбір шығармашылық емтихан бойынша кемінде 10 балл), ал қалған пәндер бойынша – кемінде 4 балл жинау қажет. 5B012000 – Кәсіптік оқыту және 5B080500 – Су ресурстары және суды қолдану мамандықтары бойынша кемінде 60 балл.

3.7 Шығармашылық мамандықтарды таңдаған талапкерлер білім беру грантын алу конкурсына бір мамандық бойынша қатысады және тек шығармашылық емтихан тапсырған жоғары оқу орнын ғана көрсетеді.

3.8 Білім беру гранты иегерлерінің тізімі бұқаралық ақпараттар құралдарында жарияланады.

Білім беру грантын иеленуші өзі жоғары оқу орнына қабылданғанға дейін одан бас тартқан жағдайда, білім беру грантын беру туралы куәліктің күші жойылады, ал білім беру гранты осы Ережеде белгіленген тәртіппен беріледі.

3.9 Білім беру грантын беру туралы куәлікті қабылдау комиссиясы азаматтардың конкурса қатысу үшін тапсырған құжаттарымен бірге 15 тамыздан кешіктірмей береді.

4. Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰЗТУ-ға қабылдау

4.1 Студенттер қатарына қабылдауды университеттің қабылдау комиссиясы ағымдағы жылдың 10-25 тамыз аралығында өткізеді.

Оқуға түсушілер жоғары оқу орнының қабылдау комиссиясына қабылдау туралы өтінішпен бірге жалпы орта, техникалық және кәсіптік (бастауыш және орта кәсіптік, орта білімнен кейінгі) немесе жоғары білімі туралы құжатын (түпнұсқа + 2 көшірме), 3x4 көлеміндегі 6 фотосуретін, 086-У нысанындағы медициналық анықтаманы флюорография түсірілімімен (түпнұсқа + 2 көшірме), 063/у нысанындағы медициналық анықтама көшірмесін (егу картасы немес денсаулық паспорты), ҰБТ немесе кешенді тестілеу сертификатын (түпнұсқа + 2 көшірме), білім беру грантын тағайындау туралы куәлікті (бар болса), ұлдардың әскери тіркеу куәлігінің көшірмесін және жеке куәліктің 2 көшірмесін қоса береді.

4.2 Білім беру грантын тағайындау туралы куәлік алған тұлғалар куәлікте көрсетілген жоғары оқу орнына қабылдау туралы өтініш береді және университет ректорының бұйрығымен студенттер қатарына қабылданады.

Шығармашылық мамандықтар бойынша білім беру грантын тағайындау туралы куәлік иегерлері өздері шығармашылық емтихан тапсырған жоғары оқу орындарына қабылданады.

4.3 Ақылы оқуға тестілеу нәтижелері бойынша мынадай пәндерден: мемлекеттік немесе орыс тілінен (оқу тілі), Қазақстан тарихы, математика және таңдау пәнінен кемінде 70 балл, оның ішінде бейінді пәннен кемінде 7 балл (әрбір шығармашылық емтихан бойынша кемінде 10 балл), ал қалған пәндер бойынша кемінде 4 балл жинаған, ҰБТ-дан өткен жалпы орта білім беру ұйымдарын ағымдағы жылы бітірушілер, кешенді тестілеуге қатысушылар қабылданады. 5B012000 - Кәсіптік оқыту және 5B080500 – Су ресурстары және суды қолдану мамандықтары бойынша кемінде 60 балл.

4.4 ҰБТ немесе кешенді тестілеу шеңберінде тапсырылған пәндердің біреуінен 4 балдан кем жинаған тұлғалардың ақылы негізде оқуға қабылдануына немесе білім беру гранттарын тағайындау конкурсына қатысуына жол берілмейді.

Оқуға қабылдау мамандықтар мен тілдік бөлімдер бойынша жеке жүргізіледі.

Шығармашылық емтихандар белгіленген мамандықтарға қабылдау осы емтихандар бойынша алынған балдар есепке алына отырып жүргізіледі.

4.5 Оқуға түсуші екінші деңгейдегі банктер беретін білім беру кредитін ресімдесе, ол құжаттарының сол банкте қарастырылып жатқандығы туралы тиісті анықтаманы ұсынған жағдайда ҚазҰЗТУ студенті қатарына қабылданады.

Бұл ретте оған білім беру кредитін ресімдеу кезеңінде білім беру қызметін көрсету шартында белгіленген және азаматты оқуға қабылдауға дейінгі төлеуге жататын соманы төлеу мерзімін ұзарту ұсынылады. Бірақ ол банктен анықтама алған сәттен бастап төрт аптаға жарамды.

4.6 Шет тілінде берілген құжаттардың қазақ немесе орыс тілдеріндегі нотариалды куәландырылған аудармасы болуы тиіс.

Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар тұлғалар оқуға қабылданғаннан кейін оқудың бірінші семестрі ішінде заңнамада белгіленген тәртіппен нострификациялау рәсімінен өтеді.

4.7 Қабылдау өткізгеннен кейін университеттің қабылдау комиссиясы қабылдауды ұйымдастыру мен өткізу жөніндегі қорытынды есепті, студенттерді қабылдау туралы бұйрықтардың көшірмесін, сондай-ақ одан бас тартқан білім беру гранты иегерлері куәліктерінің түпнұсқасын және жоғары оқу орнына келмеген тұлғалардың мәліметтерін (Т.А.Ә., мамандығы) ұсынады.

4.9 Қабылдау процедурасы өткізілген соң қабылдау комиссиясының техникалық хатшылары оқуға қабылданған студенттердің жеке іс қағазын рәсімдейді. Жеке іс қағазға құжаттардың түпнұсқалары (аттестат немесе диплом, ҰБТ немесе ТКТ сертификаты, грант тағайындау жөніндегі куәлік (ол болған жағдайда), 086-у нысанындағы медициналық анықтама. Жеке іс қағаздардың рәсімделуі білім алушылардың статистикасы бөлімінің талаптарына сәйкес жүргізіледі.

4.10 Рәсімделіп болған соң, талапкерлердің жеке іс қағаздары құрылған кесте бойынша білім алушылардың статистикасы бөліміне тапсырылады.

4.11 Оқуға қабылданған студенттердің құжаттарының сақталуы оларды мұрағатқа тапсырғанға дейін қабылдау комиссиясының аға техникалық

хатшыларының жауапкершілігінде болады.

4.12 Осы Ережелермен реттелмеген мәселелер ҚазҰЗТУ-дың қабылдау комиссиясымен дербес түрде шешіліп хаттамамен рәсімделеді.

**Қабылдау комиссиясының
жауапты хатшысы**

Ә. Тұрдалиев